

*Осы аударма ресми
аударма болып
табылмайды*

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
ҰСАҚ ДАУЛАР СОТЫНДА

1 ақпан 2024 жыл
№: AIFC-C/SCC/2023/0042 ic

САРИНОВ АЯН ТОЛЕУОВИЧ МЫРЗА

Талап қоюшы

қарсы

(1) KHAN TENGRI CAPITAL LLP
(2) «APEX MANAGEMENT GP» ЖК-ға

Жауапкерлер

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

Сот Судьясы:

Судья Сайма Ханиф КС

БҰЙРЫҚ

1. Бірінші Жауапкерге қатысты талап қою Бірінші Жауапкер Талап қоюшыға 2024 жылғы 9 ақпандағы жұмадан кешіктірмей 6 702 415,77 теңге мөлшеріндегі соманы төлеуі тиіс болған көлемінде қанағаттандырылды.
2. Барлық қалған жағдайларда Бірінші Жауапкерге қатысты талап қою қабылданбай тасталады.
3. Екінші Жауапкерге қатысты талап қою қабылданбай тасталады.
4. Бірінші Жауапкер осы Бұйрықтың 1-тармағын сақтайтын уақыт ішінде шығыстар туралы Бұйрық шығарылмайды.

ШЕШІМ

Кіріспе

1. 2023 жылғы 10 қарашада тіркелген талап арызда Талап қоюшы АХҚО Ұсақ даулар Сотынан (1) Бірінші Жауапкермен жазбаша еңбек шартынан және (2) мәлімделгендей, Екінші Жауапкермен ұйғарынды еңбек шартынан туындайтын түрлі шараларды қолдануды сұрайды.
2. Тараптар АХҚО-ның 2017 жылғы № 4 Еңбек регламентінің (түзетулерімен қоса) (бұдан әрі - "АХҚО Еңбек регламенті") 4 (3) Ережесіне сәйкес, Талап арыз АХҚО сотының юрисдикциясына жататынын және ол Ұсақ даулар сотында (бұдан әрі - "ҰДС") АХҚО сотының қағидаларының (бұдан әрі "Сот қағидалары") 28.2-ережесі ескеріліп қаралуға жататынын мойындайды.
3. Тараптар тыңдау өткізуді сұраған жоқ. Екі тарап та Талап қоюшының талап арызында, екі Жауапкердің атынан берілген қарсылықтарда, Талап қоюшының қарсылықтарға берген жауабында және екі Жауапкердің де қорытынды жауабында көрсетілген өздерінің тиісті позициялары егжей-тегжей баяндалған жазбаша арыздар берді. Арыздар тиісті құжаттамалық дәлелдермен расталды. Осыған байланысты және пропорционалдылықты сақтау қажеттілігін ескере отырып, мен бұл іс бойынша шешімді жазбаша түрде қабылдай аламын.

Тараптар

4. Талап қоюшы Саринов Аян Төлеуұлы мырза болып табылады.
5. Бірінші Жауапкер 2022 жылғы 14 шілдеде "Астана"халықаралық қаржы орталығында тіркелген жауапкершілігі шектеулі серіктестік болып табылады.
6. Екінші Жауапкер 2023 жылғы 8 қыркүйекте "Астана" Халықаралық Қаржы Орталығында тіркелген жауапкершілігі шектеулі жеке компания болып табылады. Ол 2023 жылғы 10 қазанда АХҚО Қаржы қызметтерін реттеу комитетінен ("АФСА") лицензия алған.
7. Бірінші Жауапкер Екінші Жауапкердің акционері болып табылады.

Негізгі фактілер

8. Келесі фактілер маған Тараптар берген материалдардан туындайды. 2023 жылғы 31 мамырдағы электрондық хатта Бірінші Жауапкердің бас директоры Асқар Каримуллин мырза Талап қоюшыға мынаны жазды:

Өзіне "Khan Tengri Capital-дағы Associate"-ке жұмысқа орналасу туралы шарт пен бұйрық дайындауды сұрау

- I. Khan Tengri Capital (ағылшын және орыс тілдеріндегі құқық белгілейтін құжаттар)
1. Искаков Аянға мен болмаған жағдайда қол қою құқығын беру туралы бұйрықты бүгін жасау туралы өтініш (төменде бұйрық)
 2. Сондай-ақ, Искаков Диасқа компанияның шоттарын ашу құқығын және осымен байланысты іс-әрекеттер (құжаттарды тапсыруды қоса алғанда) мен тіркеуді және мүдделерді білдіру мен онымен байланысты іс-әрекеттерді атқаруды тапсыру туралы бұйрықты/сенімхатты бүгін дайындауды сұраймын
 3. Khan Tengri Capital-дың құрылтай шарты мен жарғысы 2 тілде Ертеңге дейін дайындау
 4. Қатысушылардың құрамын презентацияға (қосымшада) сәйкес өзгерту туралы шешім, орындалу мерзімі 31 мамыр
- II. «Арех Management GP» ЖК (компанияның барлық заңгерлік және кадрлық қызметін жүргізу және ішкі құжаттар, мәмілелерді құрылымдау, лицензиялар алу және АХҚО алаңында қорлар ашу бойынша сүйемелдеу). АФСА-ға тапсыру үшін құжаттар топтамасын 3 маусымға дейін жаңарту, барлық мәселелер бойынша бас директор Арай Тұрсыновтың үйлестіреді...»

9. Маған Бірінші Жауапкер мен Талап қоюшы арасында 2023 жылдың 30 мамырында жасалған жазбаша келісім берілді. Менің ойымша, бұл Каримуллин мырза өзінің 2023 жылғы 31 мамырдағы электрондық поштасында Талап қоюшыға дайындауды тапсырған еңбек шарты. Жазбаша шартқа сәйкес, Талап қоюшы Бірінші Жауапкерге "Құқықтық кеңесші" ретінде жұмысқа қабылданған. Шарттың тиісті талаптары төменде келтірілген.
10. Талап қоюшы сонымен қатар маған өзінің ұялы телефонынан "Telegram" және "WhatsApp" желілерінде Бірінші Жауапкердің бас директоры Каримуллин мырзамен және Екінші Жауапкердің бас директоры Арай Тұрсунов мырзамен 2023 жылдың 5 маусымы мен 2023 жылдың 10 қазаны аралығында жүргізілген жазбаша хабарламалар бар әртүрлі "скриншоттарды" ұсынды. Шамасы, бұл хабарламалардың кейбіреулері дауыстық хабарламалар болған. Маған WhatsApp-тағы жазбаша хабарламалардың да, дауыстық хабарламалардың да аудармалары берілді. Жауапкерлер аудармалардың ешбірін де даулаған жоқ, сондықтан мен оларды нақты аудармалар ретінде қабылдаймын. Бұл хабарламаларды мен төменде толығырақ сипаттайтын боламын.
11. Сондай-ақ маған Талап қою мен Тұрсынов мырза 2023 жылдың 12-17 қыркүйегі аралығында алысқан электрондық хаттар берілді, оларда Тұрсынов мырза Талап қоюшыға әр түрлі мәселелер жөнінде, соның ішінде Бірінші Жауапкердің құрылтай құжаттары мен банк шотын ашу үшін қажет құжаттар жөнінде жазған.

12. 2023 жылдың 3 қазанында Талап қоюшы Тұрсынов мырзаға "[Арех] Еңбек шарты – Құқықтық мәселелер жөніндегі кеңесші және Жұмыс берушінің хатшысы" деп аталған электрондық хат жолдады. "Арех GP-мен жасалған, менің қолым қойылған еңбек шартын жіберіп отырмын. Бұдан бұрын да болжанғандай, мен Арех-тен қол қою бонусы түріндегі жалақы бойынша қарызды КТС-те қалдырдым. Егер КТС жалақы төлесе, бұл тармақты алдыңғы кезде алып тастауға болады".
13. Электрондық поштаға қоса берілген шартта оның 2023 жылдың 8 қыркүйегінен бастап күшіне енетіні көрсетілген. Талап қоюшының мәлімдеуінше, Тұрсунов мырза бұған жауап ретінде Бірінші Жауапкердің Бас директорымен кеңесу керектігін, өйткені ол Екінші Жауапкердің акционері болып табылатындығын айтқан.
14. Талап арызға сәйкес, кейіннен Тұрсунов мырза "Талап қоюшының Құқықтық мәселелер жөніндегі кеңесші және Жұмыс берушінің хатшысы лауазымына кандидатурасын Каримуллин мырза қабылдамай тастағанын" Талап қоюшыға хабарлады.
15. 2023 жылғы 10 қазанда Екінші Жауапкер АФСА-дан белгілі бір реттелетін қызметті жүзеге асыруға лицензия алды.
16. 2023 жылдың 25 қазанында Талап қоюшы Бірінші және Екінші Жауапкердің бас директорына, сондай-ақ екі Жауапкердің де Құқықтық мәселелер жөніндегі кеңесшісі мен Жұмыс берушінің хатшысына "төленбеген жалақы, залалды өтеу және моральдық өтемақы туралы" өзінің талаптарын баяндайтын хат жолдады...».

Бірінші Жауапкермен жасасылған Еңбек шарты

17. "Басталу күні және Жарамдылық мерзімі" деп аталатын 2-тармақта мыналар көрсетілген:
 - «...
 - 2.1 Осы Еңбек шарты қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді...
 - 2.2 Жұмыс Арех Management Limited компаниясы АХҚО-ның Қаржы қызметтерін реттеу комитетінен (АФСА) Реттелетін қызметті жүзеге асыруға лицензия (Ұжымдық инвестициялау схемасы) алғаннан кейін бірден басталады...»
18. Маған ұсынылған шарттың көшірмесіне Бірінші Жауапкер емес, Талап қоюшының қолы қойылған. Сонымен қатар, Арех Management Limited (менің ойымша, шартта қате жіберілген және сөз Арех management GP Limited туралы болуы тиіс еді) АФСА-дан лицензияны тек 2023 жылдың 10 қазанында ғана алған. Алайда, Талап қоюшы мен Бірінші Жауапкер жазбаша келісім тараптардың арасындағы еңбек қатынастарын реттейтіндігімен келісетіндіктен, және Бірінші Жауапкер талап арызға Қарсылықта Талап қоюшыға 2023 жылдың маусымынан басталатын кезең үшін жалақы төленетінін мойындағандықтан, мен Талап қоюшының Бірінші Жауапкермен еңбек қатынастары 2023 жылдың 1 маусымында басталғанын тараптардың (менің ойымша, әділ түрде) мойындайтынына сүйенетін боламын.

19. Шарттың 3.1-тармағы Талап қоюшының ай сайынғы жалақысының мынадай мөлшерін көздейді:

«...»

- 750 000 теңге еңбек шартына қол қойылған сәттен бастап бірінші айда;
- 1 500 000 теңге барлық келесі айлар үшін.»

20. 6.1-тармаққа сәйкес, Талап қоюшының жылына 24 күндік демалыс алуға құқығы бар. 6.4-тармаққа сәйкес, еңбек қатынастары тоқтатылған жағдайда жұмыскер пайдаланылмаған демалыс үшін өтемақы алуға құқылы.

Бірінші Жауапкерге қарсы талап арыз

21. Бірінші Жауапкер 2023 жылғы маусым үшін, сондай-ақ 2023 жылғы шілде мен 2023 жылғы тамыз үшін жалақының қалдығын талап етуге Талап қоюшының құқылы екенін мойындайды. Осыған байланысты Бірінші Жауапкер осы сомаларды төлеуді кешіктіргені үшін Талап қоюшыға тұрақсыздық айыбын төлеуі тиіс екенін мойындайды, сонымен қатар Талап қоюшының осы үш айлық кезеңдегі 6 күндік демалыстың орнына төлем алуға құқығы бар екенін мойындайды.
22. Алайда, Талап қоюшы сонымен қатар оған 2023 жылдың қыркүйек және қазан айларына жалақы төлеуді талап етеді. Сонымен, дау дәл осы екі ай жөнінде болып отыр.
23. Бірінші Жауапкер Талап қоюшыға осындай жалақы төленуі тиістігін жоққа шығарып, 2023 жылдың тамызынан кейін Талап қоюшы "2023 жылдың қыркүйек - қазан айларында басқа қалаға көшіп кетті, Талап қоюшы жұмысқа белсенді қатысқан жоқ" деп Қарсылықта мәлімдеп отыр. Бірінші Жауапкер сонымен қатар Талап қоюшы "2023 жылдың қыркүйегінен бастап байланысқа шықпады" деп мәлімдейді. Осы негізде Бірінші Жауапкер еңбек шартының қолданылуы 2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап тоқтатылғанын, сондықтан Талап қоюшыға 2023 жылдың қыркүйек-қазан айларындағы жалақы төленбейтінін мәлімдеп отыр.
24. Талап қоюшы өзінің Алматыға оралу туралы шешімі жөнінде Каримуллин мырзаға (Бірінші Жауапкердің бас директорына) және Тұрсынов мырзаға (Екінші Жауапкердің бас директорына) алдын ала хабарлағанын көрсетті. Мұны тараптар арасындағы "WhatsApp" арқылы сөйлесу растайды. Сонымен қатар, Талап қоюшы АХҚО Еңбек регламентінің қолданылатын ережелері "қызметкердің әрекетсіздігі" ұғымын қамтымайтынын көрсетеді.
25. Мен Бірінші Жауапкердің шарттың қолданылуы 2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап тоқтатылды деген мәлімдемесін қабылдамаймын. Талап қоюшы қалаға көшкенін хабарлаған кезде Бірінші Жауапкердің (немесе Екінші Жауапкердің) алаңдаушылық танытқанын немесе қарсылық білдіргенін мен байқамадым; сондай-ақ мен 2023 жылдың қыркүйегі мен қазаны аралығында Талап қоюшы тарапынан белсенділіктің жоқтығына шағымданғанын көрсететін Бірінші Жауапкердің басқа хабарламаларын да көрген жоқпын.
26. Сонымен қатар, маған жіберілген ұялы телефон арқылы жүргізілген келіссөздер мен электрондық хат алмасу 2023 жылдың қыркүйек/қазан айларында Каримуллин мырза,

сондай-ақ Тұрсунов мырза Талап қоюшыдан әртүрлі әрекеттерді орындауды сұрағанының және Талап қоюшы бұл әрекеттерді шынында да жүзеге асырғанының дәлелі болып табылады. Егер Бірінші жауапкер ойлағандай, шарт бұзылған болса, онда мұндай хат алмасулар болмас еді.

27. Мен сондай-ақ Талап қоюшының Жауабында көрсетілген, Бірінші Жауапкер үшін жұмыстар орындау процесіне Талап қоюшы белсенді қатысып, «...2023 жылғы маусым бойы 2023 жылғы 31 қазанға дейін...» өз қызметтері мен еңбегін көрсетті деген позицияны қабылдаймын,
28. Менің пікірімше, Бірінші Жауапкермен еңбек шарты 2023 жылдың қыркүйек және қазан айлары бойы жалғасқан.

Екінші Жауапкерге қарсы талап

29. Талап қоюшы Екінші Жауапкермен ұйғарынды еңбек шарты жасалды деп мәлімдейді. Талап қоюшы өзінің 2023 жылғы 25 қазандағы шағым хатында оған «ұжымдық инвестициялау схемасын құру бойынша менің қызметтері үшін ЖК тіркелген күннен - 2023 жылғы 8 қыркүйектен бастап 2 000 000 теңге мөлшерінде - 4 000 000 теңге құрайтын күтілетін жалақы төленуі» тиіс деп мәлімдейді. Сонымен, Талап қоюшы 2023 жылдың 8 қыркүйегі - 2023 жылдың 25 қазаны аралығы үшін төлем жасалуын талап етеді.
30. Мен қарастыруым керек бірінші мәселе - ұйғарынды еңбек шартының бар немесе жоқ екендігі. Талап қоюшы Екінші Жауапкерді басқару үшін ұжымдық инвестициялар схемасын құру бойынша көптеген әрекеттерді орындағанын мәлімдейді. Ол АФСА үшін мәлімдеме шеңберінде дайындалған ресми құжаттарда ол Құқықтық мәселелер жөніндегі кеңесші ретінде сипатталғанына сілтеме жасап отыр.
31. Екі Жауапкердің атынан бірлесіп ұсынылған Қарсылықтағы позиция Талап қоюшы жүзеге асырған қызметтің ол Бірінші Жауапкермен жазбаша еңбек шартына сәйкес жүзеге асыруы тиіс болған қызметке сәйкестігінде болып табылады. Ал Жауапкерлер Екінші Жауапкердің Талап қоюшыны Құқықтық мәселелер жөніндегі кеңесші етіп ресми тағайындау туралы ресми бұйрығы болмағанын мәлімдеп отыр.
32. Жалпы алғанда, тараптардың құжаттамалық дәлелдері мен жазбаша ұсынымдарын назарға ала отырып, мен Жауапкерлердің мәлімдемелерімен келісемін. Менің пікірімше, Талап қоюшы 2023 жылғы 8 қыркүйек - 2023 жылғы қазан кезеңінде жүзеге асыратын, мобильді хабарламалар мен электрондық хаттар куәландыратын қызмет 2023 жылғы 31 мамырдағы электрондық хаттағы қызмет тізбесіне сәйкес келеді, өйткені ол 2023 жылғы 31 мамырдағы электрондық хаттағы сипаттамаға сәйкес келеді, атап айтқанда «...компанияның барлық заңгерлік және кадрлық қызметін жүргізу және ішкі құжаттар, мәмілелерді құрылымдау, лицензиялар алу және АХҚО алаңында қорлар ашу бойынша сүйемелдеу...». Мен сонымен қатар Тұрсунов мырзаның Талап қоюшыдан сұраған және 2023 жылғы 25 қыркүйектегі хатта баяндалған әрекеттерінің бірі «.. менің 7 қыркүйектен бастап өз еркіммен КТС-тан (яғни Khan Tengri Capital LLP-дан) жұмыстан шығатыным туралы бұйрық дайындау...» болғанын атап өтемін, яғни бұл әрекет Бірінші Жауапкерге қатысты болды. Сонымен, мен Талап қоюшы мен Бірінші Жауапкер арасында 2023 жылғы 8 қыркүйек – 25 қазан кезеңінде ұйғарынды еңбек шарты бар болды деп санамаймын.

33. Ақырында, Талап қоюшының позициясындағы тағы бір қиындық – оның ісінің қисыны бойынша, 2023 жылғы қыркүйек – 2023 жылғы 25 қазан кезеңінде ол іс жүзінде екі жұмыс берушіде толық жұмыс күні жұмыс істегенінде, екі толық жалақыға құқығы болғанында және жыл сайынғы демалыстың екеуіне құқығы болғанында екенін атап өту керек. Мен Бірінші немесе Екінші Жауапкердің мұндай келісімге келіскендеріне ешқандай дәлел көріп отырғаным жоқ.
34. Жоғарыда білдіріп кеткенімдей, мен осы кезең ішінде Талап қоюшы іс жүзінде Бірінші Жауапкерде жұмыс істеген деген тұжырымға келдім.
35. Тиісінше, Талап қоюшының Екінші Жауапкерге қарсы талабы қабылданбай тасталады.

Құқықтық қорғау құралдары

36. Бірінші Жауапкерге қатысты Талап қоюшы келесі талапшарттар қояды:
- (1) Еңбек шартын 2023 жылғы 1 қарашадан бастап бұзу туралы өтініш.
 - (2) 2023 жылғы маусым – 31 қазан аралығындағы төленуі тиіс төленбеген жалақы. Тараптар Талап қоюшыға 2023 жылғы маусым – 31 қазан аралығы үшін 3 050 000 теңге төленуі тистігімен келіседі.
 - (3) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 113.3 бабына сәйкес, тұрақсыздық айыбы 211 239,30 теңге. Бірінші Жауапкер тұрақсыздық айыбы төленуі тиістігін, бірақ 2023 жылғы маусым-тамыз айлары үшін жалақыға қатысты ғана мойындайды.
 - (4) 2023 жылғы 1 маусымнан бастап 2023 жылғы 31 қазан аралығындағы бес айлық кезең үшін тиесілі пайдаланылмаған демалыс. Талап қоюшы бұл кезең үшін демалыс алмағанын мәлімдеп отыр. Талап қоюшының 2023 жылғы маусымнан бастап тамыз аралығындағы үш айлық кезең үшін 6 күнтізбелік күн демалысқа құқығы бар екенін Бірінші Жауапкер мойындайды.
37. Жоғарыда баяндалғанның тұрғысынан мен Талап қоюшының еңбек шартын 2023 жылғы 1 қарашадан бастап бұзу туралы өтінішін қанағаттандырамын.
38. Сонымен қатар мен ақшалай қаражатқа қатысты келесі шешімдерді шығарамын. Бірінші Жауапкер Талап қоюшыға 6 702 415.77 теңге мөлшеріндегі соманы төлеуі тиіс, оған мыналар кіреді:
- (1) 6 050 000 теңге мөлшеріндегі сома, бұл оған 2023 жылғы маусым, шілде, тамыз, қыркүйек және қараша айлары үшін төленуі тиіс жалақы болып табылады.
 - (2) 211 239,30 теңге мөлшеріндегі сома, Еңбек кодексінің 113.3 бабына сәйкес төленуі тиіс айыппұл ретінде.
 - (3) 441 176,47 теңге мөлшеріндегі сома, бұл 2023 жылғы маусымнан бастап қазан айы аралығындағы кезең үшін 10 күн пайдаланылмаған демалыс болып табылады.

39. Талап қоюшының банк кредиттерімен байланысты залалдарды өтеу туралы талапшартын мен қанағаттандырған жоқпын: Бірінші Жауапкер кредиттік шарттың тарапы болып табылмаған және кредиттік шартты қамтамасыз етуде Талап қоюшыға көмек көрсетуге қатыспаған. Сонымен қатар мен Талап қоюшыға сот шешімі шығарылғаннан кейінгі пайыздарды немесе моральдық өтемақы алып бермеймін. Жауапкерлер өздерінің қарсылықтарында көрсеткендей, «Соттардың моральдық зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының 2015 жылғы 27 қарашадағы №7 нормативтік қаулысында «моральдық зиянның» нақты анықтамасы бар. Мен Талап қоюшының талапшарты бұл анықтамаға сәйкес келмейді деген Жауапкерлердің мәлімдемесін қабылдаймын; демек, бұл талапшарт бойынша ешқандай сома алынып берілмейді.

Тиесілі сомаларды төлеудің мерзімдері

Сонымен, Бірінші Жауапкер Талап қоюшыға 2024 жылғы 9 ақпан, жұмадан кешіктірмей 6 702 415,77 теңге мөлшеріндегі соманы төлеуге міндетті. Мен мұндай қысқа мерзімді үш себеп бойынша белгіледім:

- (1) Талап қоюшыға маусым, шілде және тамыз айлары үшін жалақы төленуі тиістігін Бірінші Жауапкердің өзі мойындады.
 - (2) Талап қоюшыға төленуі тиіс жалақы одан ұсталмауы керек болатын.
 - (3) Шынымен де, аталған сомалар Талап қоюшы үшін айтарлықтай болып табылады, сондықтан әділ сот мүддесінде Бірінші Жауапкер Талап қоюшыға өтемақыны кідіріссіз және одан әрі қарайғы еш кедергісіз төлеуі тиіс.
40. Ақыр соңында, шығыстарға келетін болсақ, екі тарап та өздерінің шығындары туралы мәлімдеді. Егер Бірінші Жауапкер төлемді жоғарыда көрсетілген мерзім ішінде жасайтын болса және Талап қоюшының Бірінші Жауапкерге қатысты жартылай сәттілікке жеткені және Екінші Жауапкерге қатысты сәттілікке жетпегені тұрғысынан және бұл ұсақ дауларды талқылау екендігі тұрғысынан, мен шығыстар туралы қандай да болмасын бұйрық шығармауды ұсынамын. Бұл үшін айрықша негіздер жоқ, сондықтан әр тарап өз шығыстарын өзі көтеруі тиіс.

Сот қабылдады,

Сайма Ханиф КС
Судья, АХҚО
соты

Өкілдік ету:

Талап қоюшының атынан Исламбек Нұржанов өкілдік етті, жұмысқа тартылған тәуелсіз заңгер, Астана, Қазақстан.

Жауапкерлердің бәрінің атынан Айдана Токина өкілдік етті, жұмысқа тартылған тәуелсіз заңгер, Қазақстан.